



Гендерлік теңдік: гендерлік тренингтерге мүдделі кандидаттарды қабылдау

Егер сіз гендер деген не, гендерлік теңдікке қалай қол жеткізу керектігін, сондай-ақ мемлекеттік басқарудағы гендерлік тәсілдердің рөлін білгіңіз келсе, онда сізге міндетті түрде біздің гендерлік тренингтерге өтінім беруіңіз қажет! Өз мүмкіндігіңізді жіберіп алмаңыз! Біз барлық жастағы және кәсіптегі әйелдер мен ерлерді қатысуға шақырамыз! Гендерлік теңдік сұрағы бәрімізге қатысты!

Өзінің мандатына сәйкес, Нұр-Сұлтандағы ЕҚЫҰ Бағдарламалар офисі Қазақстан Республикасының Үкіметіне гендерлік теңдік мақсатын алға жылжытуда және әйелдер мен ерлердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуде жәрдем көрсетеді. Офис қоғамдағы гендерлік мәселелер бойынша хабардарлықты арттыру үшін және шешімдер қабылдау деңгейінде саясат пен экономикаға әйелдердің қатысуына жәрдемдесу үшін азаматтық қоғаммен және мемлекеттік органдармен бірігіп жұмыс атқарады.

Қазақстан басты конвенцияларды ратификациялау арқылы және жалпыұлттық міндет ретінде гендерлік теңдікті арттыруға бағытталған нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу арқылы, гендерлік теңдікті ілгерілету мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту жолында елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Алайда, Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметтері бойынша, Қазақстан 2020 жылы ерлер мен әйелдер арасындағы жалақыдағы алшақтық, әйелдердің жұмыс күшіне қатысуы, сондай-ақ әйелдердің саяси процестерге қатысуы сияқты өлшемдер бойынша гендерлік теңдік индексында 153-тен 72-ші орынды иеленді. Сонымен қатар, 2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасындағы отбасы және гендерлік саясат тұжырымдамасына сәйкес, орта есеппен әрбір үшінші әйел өмір барысында ұрып-соғу, жыныстық мәжбүрлеу немесе өзге де қатыгез қарым-қатынас түрлеріне ұшырайды.

Әйелдердің экономикалық, саяси және әлеуметтік құқықтарын жылжытуға бағытталған жобалар шеңберінде Офис келесі гендерлік тренингтерге мүдделі кандидаттарды қабылдау конкурсын жариялайды:

Жалпы гендерлік мәселе

- Гендерге кіріспе
- Гендер және халықаралық-құқықтық база
- Гендерлік талдау, статистика және аудит
- Гендерлік-сезімтал бюджеттеу
- Гендер және адам құқықтары

Гендер және қауіпсіздік секторын реформалау

- Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік (БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 1325 қарары)
- Гендер және құқық қорғау органдары
- Әйелдерді басшылық лауазымдарға жылжыту



Әйелдердің саяси құқықтары мен мүмкіндіктері

- Әйелдер және саяси партиялар
- Әйелдің сайлану құқығы
- Әйелдер көшбасшылығы

Әйелдердің экономикалық құқықтары мен мүмкіндіктері

- Бизнестегі әйелдер
- Гендерлік теңдік және жасыл экономика

Әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық

- Гендерлік зорлық-зомбылық
- Жыныстық пайдалану
- Еңбекке пайдалану

Өтінім беру рәсімі:

Мүдделі кандидаттар өз өтінімдерін 2020 жылдың 11 мамырынан кешіктірмей [онлайн сауалнаманы](#) толтырып, мотивациялық хатпен түйіндемені gender.roster.nursultan@gmail.com электрондық поштаға жіберуі қажет.